

"Союзцелинвод тресті" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 25 шілде N 1002

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Z970067_ Заңына сәйкес, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына ерекше әсер ететін Солтүстік аймағы магистральдық облысаралық топтық су құбырларының стратегиялық маңызын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заңнамада белгілеген тәртіппен "Союзцелинвод тресті" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын (бұдан әрі - Кәсіпорын) оңалту рәсімін тоқтатып, сотқа оны банкрот деп тану туралы арыз беруді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

2. Сот Кәсіпорынды банкрот деп тану және конкурстық іс қозғау туралы шешім шығарған жағдайда, мыналарды:

1) Кәсіпорынның үздіксіз жұмыс істеуін жүзеге асыру үшін қажетті өндірістің бірыңғай технологиялық циклын қамтамасыз ететін Кәсіпорынның мүліктік кешенін бірыңғай лотпен (бұдан әрі - лот) сатуды;

2) лоттың ең төменгі бағасын әкімшілік шығыстар сомасы мен бірінші кезектегі несиегерлердің талап қою сомасынан кем емес етіп белгілеуді;

3) сатып алушының өндірістік-технологиялық циклының үздіксіздігін қамтамасыз етуін көздейтін оның конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі б е л г і л е н с і н .

3. Конкурстық массаны сатып алушыларға мыналарды:

1) конкурстық массаны сатудан түсетін қаражат жеткіліксіз болған жағдайда сатып алушының үшінші кезектегі несиегерлердің талаптарын өтеу жөнінде міндеттемелер қ а б ы л д а у ы н ;

2) лоттың сатып алушысының Кәсіпорын қызметінің бейінін сатып алған күнінен бастап 20 жыл бойы сақтау жөнінде міндеттемелер қабылдауын көздейтін қосымша т а л а п т а р қ о й ы л с ы н .

4. "Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 желтоқсандағы N 1271 P981271_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 48, 426 -құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшасында:

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті" бөлімінде реттік нөмірі 10-жол алынып тасталсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С.Школьникке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.